



Автор: Айсағалиева Асылай Амировна

Пән: Әдебиеттік оқу

Сынып: 2-сынып

Бөлім: Туған өлкем

Тақырып: Кімнің мекені жақсы?

Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу):	2.2.3.1.Мұғалімнің көмегімен мәтіннің тақырыбы мен негізгі ойын анықтау 2.1.2.1- шығарманың мазмұнын дайын жоспар бойынша немесе өз сөзімен мазмұндау, үзіндісін мазмұндау. 2.2.6.1 - кейіпкердің сыртқы келбетін сипаттау, мінез-құлқы мен іс-әрекетін бағалау
Сабақтың мақсаты:	2.2.3.1.Мұғалімнің көмегімен мәтіннің тақырыбы мен негізгі ойын анықтау 2.1.2.1- шығарманың мазмұнын дайын жоспар бойынша немесе өз сөзімен мазмұндау, үзіндісін мазмұндау. 2.2.6.1 - кейіпкердің сыртқы келбетін сипаттау, мінез-құлқы мен іс-әрекетін бағалау
Тілдік мақсаттар:	Құмырсқа-муравей-ant Тышқан-мышь-mouse Құрбақа -лягушка-frog
Күтілетін нәтиже:	Оқушылардың барлығы мынаны орындай алады: Мазмұнын толық түсінеді. Оқулықта берілген және қосымша тапсырмаларды орындайды. Жазба жұмыс жасайды. Сұраққа жауап береді. Оқушылардың көбісі мынаны орындай алады: Топтық жұмысты бірлесе орындайды.Өз бетінше жұмыс жасайды. Сұраққа жауап береді. Оқушылардың кейбіреуі мынаны орындай алады: Тақырып бойынша қосымша мәліметтер мен дәлелдер келтіре алады.
Бағалау критерийлері:	Рефлексия.
Құндылықтарды дарыту:	кейіпкердің сыртқы келбетін сипаттау, мінез-құлқы мен іс-әрекетін бағалау
АКТ-ны қолдану дағдылары:	Оқулық, суреттер, топқа бөлуге арналған кеспе қағаздар және әртүрлі заттар, топтық тапсырмалар, кері байланыс, стикер.
Пәнаралық байланыс:	
Бастапқы білім:	Мұғалімнің көмегімен мәтіннің тақырыбы мен негізгі ойын анықтау

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың басы	Психологиялық ахуал қалыптастыру: Психологиялық ахуал тудыру мақсатында шаттық шеңберіне тұрғызып, сұрақтар арқылы көңіл күйлерін бақылау Көңіл-күйлерің қалай? -Керемет(қолдарын көтереді) -Сабаққа дайындықтарың қалай? -Тамаша(алақандарын шапалақтайды) -Ынталарың қалай? -Ғажап (қолдарын көтереді) -Ендеше сабағымызды бастайық. -Ооо (бас бармақтарын көтереді)	
Сабақтың ортасы	-Ендеше сабағымызды бастайық. -Ооо (бас бармақтарын көтереді) Үй тапсырмасын сұрау. «Сәлем- саухат» стратегиясы арқылы үй тапсырмасын сұраймын. Сұрақтарды бірнеше қабат қағазға жазамын. Оқушылар әуен ойнап жатқанда оралған қағазды сынып ішіне беремін. Музыка тоқтаған кезде оқушы бір қабатын ашады, әр қабатқа тақырыпқа қатысты бір сұрақ беріледі. Оқушылар сұраққа жауап береді де сағат тілімен айналдыра әрі қарай келесі оқушыға береді. Осылайша қағаздың орамасы біткенше жалғасады. 1. «Туған тілім» өлеңін жатқа айт 2. Дихан Әбілов кім? 3. Ақын «Туған тілім» өлеңінде не айтпақ болды? 4. Дихан Әбілов қай жерде туған? 5. Тіл туралы қандай мақал-мәтел білесің? 6. Мұқағали Мақатаевтың «Отан туралы» өлеңін айт. Бағалау. «Қол шапалақтау» әдісі Топтарға бөлу. Топ ережесі.Топ басшыларын сайлау Мәтін кейіпкерлері суреттері бейнеленген қима қағаздардағы сандарын таңдап алу арқылы 3 топқа бөлінеді. 1-топ «Тышқан» тобы 2-топ «Құмырсқа» тобы 3-топ «Құрбақа» тобы	

Сабақкезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың соңы	Бекіту «Еркін микрофон» әдісі. Микрофон ұстаған жүргізуші өзі қалаған оқушыға барып сұрақ қояды. 1. «Кімнің мекені жақсы?» мәтінінің авторы кім? 2. Мәтіндегі кейіпкерлерді ата. 3. Құмырсқа, құрбақа, тышқан үшеуі жолға шығады. Олар жолға неге шықты деп ойлайсың? 4. Үш кейіпкер жақсы мекен, жайлы қоныс тапты ма? 5. Өз үйім-өлең төсегім мақалының мағынасы қандай? 6. Құрбақа, тышқан, құмырсқа алғаш кіммен кездесті?	
Рефлексия	Рефлексия.	